

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 695 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118,

1 2 2 - қ ұ ж а т т а р ; № 2 3 , 1 4 3 - қ ұ ж а т ;
№ 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 117-құжаттар; № 21-I, 124, 126-құжаттар; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 10, 79-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 4, 7-құжат; № 1 2 , 3 4 - қ ұ ж а т ; № 1 4 , 5 1 ,
54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат):

1) 10-баптың 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Нұр-Сұлтан қаласының, республикалық маңызы бар қалалардың, облыс орталықтарының қала маңы аймағында және курортты аймақта орналасқан елді мекендерде (кенттер мен ауылдық елді мекендерде) жеке меншікке берілетін жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкалары екі есе арттырылады.";

2) 110-баптың 5-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Нұр-Сұлтан қаласы мен республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерді пайдалану тәртібі мен режимін аумағы қала маңы аймағына қосылған тиісті облыстық өкілді және атқарушы органдармен келісілген, аталған қалалардың өкілді және атқарушы органдарының бірлескен ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

3) 120-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскелерін беру және алып қою орталық уәкілетті органмен және тиісті уәкілетті органмен (Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен) келісу бойынша жүзеге асырылады.".

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 1 6 , 1 2 9 - қ ұ ж а т ; № 2 0 ,
151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-

құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат;

№ 15, 55 - құжат;

№ 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 12, 39-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 16, 55-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 49-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық орган мен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бірлесіп бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен алынатын корпоративтік табыс салығы.

Ірі кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесі алдындағы жылдың 1 мамырынан кешіктірілмей бекітіледі және Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңның қолданылуы кезеңінде өзгертуге жатпайды.";

2) 50-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық орган мен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бірлесіп бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;"

3) 51-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық орган мен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бірлесіп бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді қоспағанда, корпоративтік табыс салығы;"

4) 52-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық орган мен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бірлесіп бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;"

5) 62-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстан

Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары, мәслихаттардың аппараттары және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар стратегиялық жоспарлар әзірлемейді."

3. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 21, 98, 102-құжаттар; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 10, 32-құжат; № 16, 53, 56-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 234-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Судьяға қатысты жасырын тергеу әрекетін санкциялауды Нұр-Сұлтан қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген қаулысы бойынша жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты жасырын тергеу әрекетін санкциялауды Нұр-Сұлтан қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасарымен келісілген қаулысы бойынша жүргізеді.";

2) 547-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау туралы мәселені Нұр-Сұлтан қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған қаулысы негізінде шешеді. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамақ мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзарту туралы өтінішхат оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына

қатысты, осы Кодекске сәйкес санкциялануға жататын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны Нұр-Сұлтан қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген қаулысы негізінде береді."

3) 549-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшесін күзетпен ұстау, ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған қаулысының негізінде шешеді. Көрсетілген адамдарға қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамақ мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзарту туралы өтінішхат оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.";

4) 550-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін судьяны күзетпен ұстау, ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған қаулысы негізінде шешеді. Судьяға қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамақ мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзарту туралы өтінішхат оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.";

5) 551-баптың 6 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау туралы мәселені Нұр-Сұлтан қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары қолдаған қаулысы негізінде шешеді. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамақ мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзарту туралы өтінішхат оны Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары қолдаған кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.

7. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды оның бірінші орынбасары жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты тергеу мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзартуды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты, осы Кодекске сәйкес санкциялануға жататын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны Нұр-Сұлтан қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасарымен келісілген қаулысы негізінде береді."

4. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 16, 53-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 27-бапта:

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Азаматтық істердің мамандандырылған соттардың, мамандандырылған сот құрамдарының және Нұр-Сұлтан қаласы сотының соттылығына жатқызылуы";

4-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Нұр-Сұлтан қаласының соты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қарауына жатқызылған істерден басқа инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды.

Нұр-Сұлтан қаласының соты инвесторлардың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де дауларды да:";

2) 35-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Кодекстің 27-бабының төртінші бөлігінде көзделген азаматтық істерді судья Нұр-Сұлтан қаласының сотында бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша жеке-дара қарайды және шешеді."

5. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат):

1) 505-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Елді мекендердің жеріне (үй жанындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде мынадай мөлшерде белгіленеді:

| | | | |
|-------|----------------------|---|---|
| Р/с № | Елді мекеннің санаты | Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге) | Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге) |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| Қалалар: | | | |
|----------|------------------------------------|---|------|
| 1. | Алматы | 28,95 | 0,96 |
| 2. | Шымкент | 9,17 | 0,58 |
| 3. | Нұр-Сұлтан | 19,30 | 0,96 |
| 4. | Ақтау | 9,65 | 0,58 |
| 5. | Ақтөбе | 6,75 | 0,58 |
| 6. | Атырау | 8,20 | 0,58 |
| 7. | Көкшетау | 5,79 | 0,58 |
| 8. | Қарағанды | 9,65 | 0,58 |
| 9. | Қостанай | 6,27 | 0,58 |
| 10. | Қызылорда | 8,68 | 0,58 |
| 11. | Орал | 5,79 | 0,58 |
| 12. | Өскемен | 9,65 | 0,58 |
| 13. | Павлодар | 9,65 | 0,58 |
| 14. | Петропавл | 5,79 | 0,58 |
| 15. | Талдықорған | 9,17 | 0,58 |
| 16. | Тараз | 9,17 | 0,58 |
| 17. | Түркістан | 7,79 | 0,39 |
| 18. | Алматы облысы: | 28,95 | 0,96 |
| 19. | облыстық маңызы бар қалалар | 6,75 | 0,39 |
| 20. | аудандық маңызы бар қалалар | 5,79 | 0,39 |
| 21. | Ақмола облысы: | | |
| 22. | облыстық маңызы бар қалалар | 5,79 | 0,39 |
| 23. | аудандық маңызы бар қалалар | 5,02 | 0,39 |
| 24. | Облыстық маңызы бар қалған қалалар | облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 85 пайызы | 0,39 |
| | | | |

| | | | |
|----|------------------------------------|---|------|
| 25 | Аудандық маңызы бар қалған қалалар | облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 75 пайызы | 0,19 |
| 26 | Кенттер | 0,96 | 0,13 |
| 27 | Ауылдар | 0,48 | 0,09 |

”;

2) 521-баптың 3-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

”9) Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының әуеайлақтарындағы ұшу-қону жолақтарын және әуежайларының терминалдарын қоспағанда, әуеайлақтардағы ұшу-қону жолақтары және әуежайлардың терминалдары бойынша заңды тұлғалар;”;

3) 529-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

”2. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының бір шаршы метрінің ұлттық валютадағы базалық құны (Қ б) елді мекеннің түріне қарай мынадай мөлшерде айқындалады:

| Р / с № | Елді мекеннің санаты | Базалық құны теңгемен |
|---------|-----------------------------|-----------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| | Қалалар: | |
| 1. | Алматы | 60 000 |
| 2. | Шымкент | 36 000 |
| 3. | Нұр-Сұлтан | 60 000 |
| 4. | Ақтау | 36 000 |
| 5. | Ақтөбе | 36 000 |
| 6. | Атырау | 36 000 |
| 7. | Көкшетау | 36 000 |
| 8. | Қарағанды | 36 000 |
| 9. | Қостанай | 36 000 |
| 10. | Қызылорда | 36 000 |
| 11. | Орал | 36 000 |
| 12. | Өскемен | 36 000 |
| 13. | Павлодар | 36 000 |
| 14. | Петропавл | 36 000 |
| 15. | Талдықорған | 36 000 |
| 16. | Тараз | 36 000 |
| 17. | Түркістан | 12 000 |
| 18. | Облыстық маңызы бар қалалар | 12 000 |
| 19. | Аудандық маңызы бар қалалар | 6 000 |
| 20. | Кенттер | 4 200 |
| 21. | Ауылдар | 2 700 |

":

4) 546-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ең төмен және ең жоғары базалық мөлшерлемелерінің мөлшері:

| PP /с № | Салық салу объектісінің атауы | Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің ең төмен мөлшері (айлық есептік көрсеткіштермен) | Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің жоғары мөлшері (айлық есептік көрсеткіштермен) |
|---------|--|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы | 1 | 12 |
| 2. | Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы | 1 | 18 |
| 3. | Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер | 1 | 4 |
| 4. | Ойын жолы | 5 | 83 |
| 5. | Карт | 2 | 12 |
| 6. | Бильярд үстелі | 3 | 25 |
| 7. | Уәкілетті ұйымның Нұр-Сұлтан немесе Алматы қалаларында орналасқан айырбастау пункті | 30 | 100 |
| 8. | Уәкілетті ұйымның арнайы аймақта орналасқан айырбастау пункті | 1 | 20 |
| 9. | Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті | 10 | 50 |

":

5) 702-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аумақтық аймақ: Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Нұр-Сұлтан қаласының, сондай-ақ 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, Ақтөбе облысының жерлері;"

6. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66 - құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 129-

құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 33-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; 2015 ж., № 21-III, 135-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 24, 93-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының мақсаты

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздік органдары) – Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде:

жеке адамның және қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасын, Қазақстан Республикасының Президентін және Қазақстан Республикасының Үкіметін және басқа да мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдарды шешім қабылдау үшін барлау ақпаратымен қамтамасыз ету, сондай-ақ саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда мемлекет басшылығының саясатын іске асыруға жәрдемдесу мақсатында барлау қызметін үйлестіріге және жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік органдар.";

2) 1-1 баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астыртын әрекет ету – құпия ақпарат көздерін жедел шифрлау және оларға қолжетімділікті жабу жолымен қарсы барлау және барлау күштерін, құралдарын, іс-қимылдарын, жоспарлары мен ниеттерін жасыру және қадағалаудың ерекше тәртібін белгілеу;"

3) 20-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жіберілген ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріндегі ресми өкілдері мен олардың көмекшілері дипломатиялық артықшылықтар және иммунитет, еңбекке ақы төлеу және еңбек жағдайлары, сондай-ақ әлеуметтік және медициналық қамсыздандыру, оның ішінде олардың отбасы мүшелері мәселелерінде Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің тиісті лауазымдарына теңестіріледі. Бұл ретте ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріндегі ресми өкілдері мен олардың

көмекшілеріне арнаулы немесе әскери атағы бойынша айлықақы, қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақылар және Қазақстан Республикасының заңнамасында арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және әскери қызметшілері үшін белгіленетін басқа да үстемеақылар сақталады."

7. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 24, 93-құжат):

1) 19-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

| Р/с № | Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы | Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент мөлшері (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) |
|-------|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Алматы облысы | 1,78 |
| 2. | Түркістан облысы | 1,01 |
| 3. | Шығыс Қазақстан облысы | 1,96 |
| 4. | Қостанай облысы | 1,95 |
| 5. | Қарағанды облысы | 1,39 |
| 6. | Солтүстік Қазақстан облысы | 1,33 |
| 7. | Ақмола облысы | 1,32 |
| 8. | Павлодар облысы | 1,63 |
| 9. | Жамбыл облысы | 1,00 |
| 10 | Ақтөбе облысы | 1,35 |
| 11 | Батыс Қазақстан облысы | 1,17 |
| 12 | Қызылорда облысы | 1,09 |
| 13 | Атырау облысы | 2,69 |
| 14 | Маңғыстау облысы | 1,15 |
| 15 | Алматы | 2,96 |

| | | |
|----|------------|------|
| 16 | Нұр-Сұлтан | 2,2 |
| 17 | Шымкент | 1,01 |

"

8. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат):

1) 2-баптың 44-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"44-1) президенттік байланыс – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының, Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етуге арналған арнайы электр байланысы;"

2) 38-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Байланыс қызметтерін пайдаланушыларға байланыс қызметтерін көрсету уақыты туралы ақпарат беру байланыс қызметтерін пайдаланушының тұрған жерінде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жүргізіледі."

9. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 1-2, 1-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 5, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 19-II, 104-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 15, 47-құжат):

1-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) басқа да әскерлер мен әскери құралымдар – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, әскери қарсы барлау және әскери полиция органдары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күші, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігінің әскери - тергеу органдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен әскери бөлімдері, әскери прокуратура органдары;"

10. "Әскери полиция органдары туралы" 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 5, 4-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 22-II, 148-құжат):

5-баптың бірінші бөлігінің 7-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күшін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін тиісті құжаттарды және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бере отырып, мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;"

11. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 14, 51-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасының астанасы

1. Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып табылады.

2. Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан Республикасының астанасы (бұдан әрі – астана) ретінде:

1) мемлекеттің саяси және әкімшілік орталығы;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақорда" Резиденциясында сақталатын Қазақстан Республикасы Конституциясы мәтінінің түпнұсқасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Мемлекеттік елтаңбасының эталондары орналасқан жер болып табылады.

3. Астанада Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақорда" Резиденциясы, Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, Жоғарғы Соты және өзге де орталық мемлекеттік органдары орналасқан.

Жекелеген орталық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының астанасынан тыс жерде орналасуы мүмкін.";

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қаланың атақтары және көтермелеуі

1. Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға Нұр-Сұлтан қаласының экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымы мен мәдениетін дамытуда ерекше сіңірген еңбегі үшін астана әкімінің ұсынуы бойынша мәслихат "Нұр-Сұлтан қаласының құрметті азаматы" атағын беруі мүмкін.

2. Астананың жергілікті өкілді органы (мәслихаты) мен жергілікті атқарушы органы (әкімдігі) көтермелеудің өзге де түрлерін белгілеуге және қолдануға құқылы.";

3) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Астананың аумағын жергілікті өкілді және атқарушы органдардың пікірлерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін және өзгертетін, Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік-аумақтық бірліктерінің шекарасындағы жер, су объектілері құрайды.";

4) 8-баптың 3) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Нұр-Сұлтан қаласы аумағының қала құрылысы регламентін бекітеді,";

5) 9-бапта:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігін иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асырады;

3) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігін жекешелендіру жөніндегі қатынастарды реттейтін қаулылар шығарады,";

18-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1) қызметінің негізгі нысанасы – Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына, іскерлік туризмнің дамуына жәрдемдесу, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласын халықаралық көрмеге даярлау болып табылатын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаны айқындайды,";

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасы шегінде Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде су жолы жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді,";

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38) Нұр-Сұлтан қаласы аумағының қала құрылысы регламентін әзірлейді,";

6) 9-1-баптың бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына, іскерлік туризмді дамытуға, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласын халықаралық көрмеге даярлауға жәрдемдесетін ұйым:

1) Нұр-Сұлтан қаласының брендін ілгерілетуге бағытталған іс-шараларды өткізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді және оларды астана әкімдігінің қарауына енгізуді және осы іс-шараларды іске асыруды жүзеге асырады,";

7) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі Нұр-Сұлтан қаласының бас жоспарына, қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасына, мемлекеттік нормативтерге (мемлекеттік нормативтік құжаттарға) сәйкес және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс."

12. "Сыртқы барлау туралы" 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 10, 46-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; 2014 ж., № 7, 33-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 118-құжат; 2015 ж., № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – сыртқы барлау органы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті,";

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Сыртқы барлау субъектілері

1. Сыртқы барлау субъектілеріне:

1) сыртқы барлау органы;

Құзыретіне барлау қызметін жүзеге асыру кіретін ұлттық қауіпсіздік органдары қызметтерінің, бөлімшелерінің және қызметкерлері санаттарының тізбесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайды;

2) осы Заңның 6-бабының 3) тармақшасында көзделген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары жатады.

2. Сыртқы барлау субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде барлау қызметін жүргізу арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.";

3) 6-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сыртқы барлау органы:

саяси, қаржы-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, әскери-саяси, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда;

Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде шифрлік және радиотехникалық құралдар мен әдістерді пайдалана отырып шифрленген, құпияландырылған, кодталған және өзге де арнайы байланыс түрлері саласында;

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің, олардың персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында;

шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, қылмыстық қоғамдастықтардың (қылмыстық ұйымдардың) және жекелеген адамдардың Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлау және өзге де қызметіне қарсы іс-қимыл саласында;

экстремизмге және террористік қызметке қарсы іс-қимыл саласында, сондай-ақ шекаралық саясат және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын, аумақтық сулары (теңіздері) мен континенттік қайраңын күзетуді жедел қамтамасыз ету саласында;"

2) тармақша алып тасталсын.

13. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 4, 31-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 15, 78-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 148-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 154-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат):

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңның күші барлық қызметкерлерге қолданылады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілері осы Заңның 7, 10 (11-тармағын қоспағанда), 12, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 24, 29, 30 (8-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда), 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 50, 75, 77 (4-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда) және 85 (4-2-тармағын қоспағанда)-баптарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес қызмет өткереді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің келісімшарт бойынша әскери қызметшілері әскери қызметті осы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес өткереді.

Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде мемлекеттік саяси қызметшілерге қолданылады.";

2) 7-баптың 2-тармағының 10) және 11) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"10) арнайы тексеруден өтпеген және (немесе) өзі не өзінің жақын туыстары (ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және

ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, қарындастары, немерелері) немесе зайыбы (жұбайы) және оның жақын туыстары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;

11) жақын туыстары (ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері және апа-сіңлілері, қарындастары, немерелері) не зайыбы (жұбайы) немесе оның жақын туыстары ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған;"

3) 27-бап мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Бұрын мемлекеттік саяси лауазымдарда болған және арнайы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволарының бірінші басшыларының орынбасарынан төмен емес лауазымдарға тағайындалған қызметкерлерге осы Заңның 27-1-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, атқаратын лауазымы үшін штатта көзделген арнаулы атақ осы Заңның талаптарын пайдаланбай беріледі.";

4) 26-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

5) 30-баптың 12-тармағына орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

6) 77-баптың 4-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11) - 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған, сондай-ақ демалысқа және тағылымдамға барған және кері қайтқан кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, су және автомобиль көліктерінде жүруге жұмсалған шығындарын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша өтетуге құқығы бар.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шет мемлекеттің білім беру ұйымдарында білім алып жатқан курсанттарға да оқуға жіберілген және каникулдық демалысқа барған кезде және кері қайтқанда мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру құқығы беріледі.".

14. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 43-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 14, 49-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат):

1) 16-баптың 2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күшін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен

әскери құралымдарының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін, тиісті құжаттар мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бере отырып, мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.";

2) 25-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Айрықша мақсаттағы автомобильдердің жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі, ал басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктерде ұлттық қауіпсіздік органдары автомобиль жолдары немесе автомобиль жолдарының жекелеген учаскелері (арнайы трассалар) бойынша олардың жүру жылдамдығы мен маршруттарын айқындауға және осы жолдарда көлік құралдарының жүруіне, аялдауына және тоқтап тұруына шектеу енгізуге, жол жүрісінің бағытын уақытша өзгертуге құқылы.

Күзет іс-шараларын жүргізу кезінде арнайы трассалардағы және оларға іргелес жатқан аумақтар мен акваториялардағы жөндеу, құрылыс, монтаж және өзге де жұмыстардың барлық түрлерінің жүргізілуі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен келісу бойынша жүзеге асырылады. Күзет іс-шараларын жүргізу кезеңінде арнайы трассалардағы жөндеу, құрылыс, монтаж және өзге де жұмыстардың барлық түрлері тоқтатыла тұруы мүмкін.";

3) 64-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күшін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері әскери полиция органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады.".

15. "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 21, 114-құжат):

1) 1-баптың 3-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Нұр-Сұлтан қаласынан – 30 039 508 мың теңге сомасында белгіленсін.";

2) Заңға 1-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 24-VI ҚРЗ Қазақстан

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін ұйымдар үшін күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

мың теңге

| P/c № | Облыстар мен қалалардың атауы | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|-------|-------------------------------|------------|------------|------------|
| | БАРЛЫҒЫ | 46 557 436 | 48 637 688 | 49 006 226 |
| 1 | Ақмола облысы | 1 991 046 | 1 982 433 | 1 993 008 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 1 884 458 | 1 938 566 | 1 961 787 |
| 3 | Алматы облысы | 3 904 630 | 4 001 547 | 4 028 447 |
| 4 | Атырау облысы | 1 361 027 | 1 395 080 | 1 411 218 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 3 706 941 | 3 780 313 | 3 796 860 |
| 6 | Жамбыл облысы | 2 851 759 | 2 900 601 | 2 931 215 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 1 751 322 | 1 788 200 | 1 803 345 |
| 8 | Қарағанды облысы | 3 578 551 | 3 613 248 | 3 614 449 |
| 9 | Қызылорда облысы | 2 284 944 | 2 315 757 | 2 336 405 |
| 10 | Қостанай облысы | 2 271 502 | 2 312 623 | 2 337 312 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 1 390 013 | 1 420 219 | 1 449 173 |
| 12 | Павлодар облысы | 2 272 999 | 2 271 526 | 2 278 262 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 1 663 584 | 1 693 176 | 1 697 337 |
| 14 | Түркістан облысы | 6 102 474 | 6 277 738 | 5 256 288 |
| 15 | Алматы қаласы | 5 239 758 | 5 313 616 | 5 385 540 |
| 16 | Нұр-Сұлтан қаласы | 4 302 428 | 5 633 045 | 5 639 080 |
| 17 | Шымкент қаласы | | | 1 086 500 |

".

;

3) Заңға 2-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 24-VI ҚРЗ
Қазақстан Республикасының
Заңына 2-қосымша

2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша қосылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға арналған қаражат

мың теңге

| Р/с № | Облыстар мен қалалардың атауы | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|-------|-------------------------------|-------------|-------------|-------------|
| | БАРЛЫҒЫ | 103 877 884 | 113 474 447 | 123 516 338 |
| 1 | Ақмола облысы | 5 947 291 | 6 215 189 | 6 215 189 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 3 025 030 | 3 584 167 | 4 145 627 |
| 3 | Алматы облысы | 9 202 014 | 10 844 704 | 11 871 821 |
| 4 | Атырау облысы | 3 199 565 | 3 453 992 | 3 987 001 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 7 453 303 | 7 651 759 | 7 734 091 |
| 6 | Жамбыл облысы | 6 977 427 | 7 610 302 | 8 667 031 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 1 294 550 | 1 300 357 | 1 457 124 |
| 8 | Қарағанды облысы | 4 736 930 | 4 782 915 | 4 782 915 |
| 9 | Қызылорда облысы | 6 642 061 | 6 738 028 | 6 856 890 |
| 10 | Қостанай облысы | 2 439 155 | 2 526 161 | 2 609 539 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 4 977 888 | 5 804 110 | 6 844 000 |
| 12 | Павлодар облысы | 3 647 842 | 3 688 099 | 3 836 737 |
| 13 | Солтүстік-Қазақстан облысы | 2 880 456 | 2 901 474 | 2 901 474 |
| 14 | Түркістан облысы | 31 467 940 | 33 271 707 | 28 970 825 |
| 15 | Алматы қаласы | 2 952 801 | 3 417 297 | 4 009 529 |
| 16 | Нұр-Сұлтан қаласы | 7 033 631 | 8 531 630 | 9 432 753 |
| 17 | Шымкент қаласы | | 1 152 556 | 9 193 792 |

”.

”

4) Заңға 3-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

”

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 24-VI ҚРЗ
Қазақстан Республикасының
Заңына
3-қосымша

2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша қосылған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға арналған қаражат

мың теңге

| Р/с № | Облыстар мен қалалардың атауы | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|-------|-------------------------------|-----------|-----------|-----------|
| | БАРЛЫҒЫ | 5 060 040 | 3 346 437 | 2 098 561 |
| 1 | Ақмола облысы | 275 883 | 328 779 | 371 416 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 335 418 | 160 668 | 91 578 |
| 3 | Алматы облысы | 183 374 | 57 089 | |
| 4 | Атырау облысы | 65 187 | 28 074 | |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 452 429 | 477 889 | 543 765 |
| 6 | Жамбыл облысы | 106 866 | 70 874 | 50 492 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 200 177 | 125 262 | 87 290 |
| 8 | Қарағанды облысы | 164 296 | 75 162 | |
| 9 | Қызылорда облысы | 734 065 | 555 697 | 211 229 |
| 10 | Қостанай облысы | 243 515 | 218 458 | 147 416 |
| 11 | Маңғыстау облысы | | | |
| 12 | Павлодар облысы | 279 761 | 339 681 | 392 523 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 252 991 | 216 651 | 157 905 |
| 14 | Түркістан облысы | 1 246 585 | 499 645 | |
| 15 | Алматы қаласы | 458 572 | 152 719 | |
| 16 | Нұр-Сұлтан қаласы | 60 921 | 39 789 | 44 947 |

".

,"

5) Заңға 4-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 24-VI ҚРЗ
Қазақстан Республикасының
Заңына 4-қосымша

2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша қосылған профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуге арналған (

инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) қаражат

мың теңге

| Р / с № | Облыстар мен қалалардың атауы | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|---------|-------------------------------|----------|----------|----------|
| | БАРЛЫҒЫ | 912 813 | 912 813 | 912 813 |
| 1 | Ақмола облысы | 3 860 | 3 860 | 3 860 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 2 416 | 2 416 | 2 416 |
| 3 | Алматы облысы | | | |
| 4 | Атырау облысы | | | |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 2 054 | 2 054 | 2 054 |
| 6 | Жамбыл облысы | 3 248 | 3 248 | 3 248 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 48 901 | 48 901 | 48 901 |
| 8 | Қарағанды облысы | 46 438 | 46 438 | 46 438 |
| 9 | Қызылорда облысы | | | |
| 10 | Қостанай облысы | | | |
| 11 | Маңғыстау облысы | | | |
| 12 | Павлодар облысы | 602 310 | 602 310 | 602 310 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 4 437 | 4 437 | 4 437 |
| 14 | Түркістан облысы | | | |
| 15 | Алматы қаласы | 38 696 | 38 696 | 38 696 |
| 16 | Нұр-Сұлтан қаласы | 160 453 | 160 453 | 160 453 |

".
;

б) Заңға 5-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 24-VI ҚРЗ
Қазақстан Республикасының
Заңына 5-қосымша

2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша

қосылған ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға арналған қаражат

мың теңге

| Р / с № | Облыстар мен қалалардың атауы | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|---------|-------------------------------|-----------|-----------|-----------|
| | БАРЛЫҒЫ | 6 157 536 | 6 157 536 | 6 157 536 |
| 1 | Ақмола облысы | 518 318 | 518 318 | 518 318 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 48 444 | 48 444 | 48 444 |
| 3 | Алматы облысы | 10 057 | 10 057 | 10 057 |
| 4 | Атырау облысы | 173 146 | 173 146 | 173 146 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 235 387 | 235 387 | 235 387 |
| 6 | Жамбыл облысы | 13 391 | 13 391 | 13 391 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 717 525 | 717 525 | 717 525 |
| 8 | Қарағанды облысы | 140 222 | 140 222 | 140 222 |
| 9 | Қызылорда облысы | 547 222 | 547 222 | 547 222 |
| 10 | Қостанай облысы | 654 312 | 654 312 | 654 312 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 634 151 | 634 151 | 634 151 |
| 12 | Павлодар облысы | 53 975 | 53 975 | 53 975 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 1 244 568 | 1 244 568 | 1 244 568 |
| 14 | Түркістан облысы | 1 166 818 | 1 166 818 | 1 166 818 |
| 15 | Алматы қаласы | | | |
| 16 | Нұр-Сұлтан қаласы | | | |

".
;

7) Заңға 6-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы от 29 ноября 2016 года № 24-VI ЗРК 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы № 24-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңына 6-қосымша

2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша

қосылған сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау, мемлекеттік гранттарға кепілдік беру және оларды ұсыну түрінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға арналған қаражат

мың теңге

| Р/с № | Облыстар мен қалалардың атауы | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|-------|-------------------------------|------------|------------|------------|
| | БАРЛЫҒЫ | 30 000 000 | 30 000 000 | 30 000 000 |
| 1 | Ақмола облысы | 1 211 986 | 1 211 986 | 1 211 986 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 1 166 897 | 1 166 897 | 1 166 897 |
| 3 | Алматы облысы | 1 802 641 | 1 802 641 | 1 802 641 |
| 4 | Атырау облысы | 1 543 460 | 1 543 460 | 1 543 460 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 1 242 099 | 1 242 099 | 1 242 099 |
| 6 | Жамбыл облысы | 1 353 715 | 1 353 715 | 1 353 715 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 1 618 690 | 1 618 690 | 1 618 690 |
| 8 | Қарағанды облысы | 1 532 268 | 1 532 268 | 1 532 268 |
| 9 | Қызылорда облысы | 779 619 | 779 619 | 779 619 |
| 10 | Қостанай облысы | 2 103 296 | 2 103 296 | 2 103 296 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 1 055 765 | 1 055 765 | 1 055 765 |
| 12 | Павлодар облысы | 1 876 286 | 1 876 286 | 1 876 286 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 1 128 024 | 1 128 024 | 1 128 024 |
| 14 | Түркістан облысы | 3 092 848 | 3 092 848 | 1409 848 |
| 15 | Алматы қаласы | 4 493 538 | 4 493 538 | 4 493 538 |
| 16 | Нұр-Сұлтан қаласы | 3 998 868 | 3 998 868 | 3 998 868 |
| 17 | Шымкент қаласы | | | 1 683 000 |

".

;

8) Заңға 7-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 24-VI ҚРЗ
Қазақстан Республикасының
Заңына 7-қосымша

2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша

қосылған халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге арналған қаражат

мың теңге

| P/c № | Облыстар мен қалалардың атауы | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|-------|-------------------------------|-----------|-----------|-----------|
| | БАРЛЫҒЫ | 5 038 436 | 5 311 093 | 5 453 119 |
| 1 | Ақмола облысы | 294 589 | 313 252 | 321 501 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 240 488 | 243 566 | 245 745 |
| 3 | Алматы облысы | 581 844 | 616 560 | 633 322 |
| 4 | Атырау облысы | 167 581 | 178 026 | 186 927 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 471 545 | 499 746 | 510 611 |
| 6 | Жамбыл облысы | 325 029 | 343 946 | 351 281 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 238 264 | 247 744 | 249 102 |
| 8 | Қарағанды облысы | 411 061 | 431 254 | 434 984 |
| 9 | Қызылорда облысы | 197 508 | 198 684 | 198 684 |
| 10 | Қостанай облысы | 351 765 | 374 686 | 393 420 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 129 464 | 138 074 | 144 182 |
| 12 | Павлодар облысы | 300 932 | 320 696 | 339 941 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 251 187 | 265 300 | 270 400 |
| 14 | Түркістан облысы | 640 734 | 676 589 | 591331 |
| 15 | Алматы қаласы | 280 336 | 297 258 | 305 538 |
| 16 | Нұр-Сұлтан қаласы | 156 109 | 165 712 | 171 670 |
| 17 | Шымкент қаласы | | | 104 480 |

".

;

9) Заңға 8-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы"
2016 жылғы 29 қарашадағы
№ 24-VI ҚРЗ
Қазақстан Республикасының
Заңына 8-қосымша

2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша қосылған жұмыспен нәтижелі қамтамасыз етуге және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған қаражат

мың теңге

| Р/с № | Облыстар мен қалалардың атауы | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|-------|-------------------------------|------------|------------|------------|
| | БАРЛЫҒЫ | 40 000 000 | 40 000 000 | 40 000 000 |
| 1 | Ақмола облысы | 1 936 205 | 1 936 205 | 1 936 205 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 1 913 246 | 1 913 246 | 1 913 246 |
| 3 | Алматы облысы | 4 482 478 | 4 482 478 | 4 482 478 |
| 4 | Атырау облысы | 1 377 062 | 1 377 062 | 1 377 062 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 3 152 261 | 3 152 261 | 3 152 261 |
| 6 | Жамбыл облысы | 2 366 879 | 2 366 879 | 2 366 879 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 1 494 488 | 1 494 488 | 1 494 488 |
| 8 | Қарағанды облысы | 3 051 844 | 3 051 844 | 3 051 844 |
| 9 | Қызылорда облысы | 1 525 709 | 1 525 709 | 1 525 709 |
| 10 | Қостанай облысы | 2 341 533 | 2 341 533 | 2 341 533 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 1 310 535 | 1 310 535 | 1 310 535 |
| 12 | Павлодар облысы | 1 906 242 | 1 906 242 | 1 906 242 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 1 440 253 | 1 440 253 | 1 440 253 |
| 14 | Түркістан облысы | 5 414 307 | 5 414 307 | 5 167154 |
| 15 | Алматы қаласы | 4 097 144 | 4 097 144 | 4 097 144 |
| 16 | Нұр-Сұлтан қаласы | 2 189 814 | 2 189 814 | 2 189 814 |
| 17 | Шымкент қаласы | | | 247 153 |

"

16. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-III, 108-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 42, 44-құжат; № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 43-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"43-1-бап. Салық кодексінің 505-бабы 1-тармағының қолданысы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Елді мекендердің жеріне (үй жанындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде мынадай мөлшерде белгіленеді:

| Р/с | Елді мекеннің санаты | Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге) | Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге) |
|-----|----------------------|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Қалалар: | | |
| 1 | Алматы | 28,95 | 0,96 |

| | | | |
|----|------------------------------------|---|------|
| 2 | Шымкент | 9,17 | 0,58 |
| 3 | Нұр-Сұлтан | 19,3 | 0,96 |
| 4 | Ақтау | 9,65 | 0,58 |
| 5 | Ақтөбе | 6,75 | 0,58 |
| 6 | Атырау | 8,2 | 0,58 |
| 7 | Көкшетау | 5,79 | 0,58 |
| 8 | Қарағанды | 9,65 | 0,58 |
| 9 | Қостанай | 6,27 | 0,58 |
| 10 | Қызылорда | 8,68 | 0,58 |
| 11 | Орал | 5,79 | 0,58 |
| 12 | Өскемен | 9,65 | 0,58 |
| 13 | Павлодар | 9,65 | 0,58 |
| 14 | Петропавл | 5,79 | 0,58 |
| 15 | Талдықорған | 9,17 | 0,58 |
| 16 | Тараз | 9,17 | 0,58 |
| 17 | Түркістан | 7,79 | 0,39 |
| 18 | Алматы облысы: | | |
| 19 | облыстық маңызы бар қалалар | 6,75 | 0,39 |
| 20 | аудандық маңызы бар қалалар | 5,79 | 0,39 |
| 21 | Ақмола облысы: | | |
| 22 | облыстық маңызы бар қалалар | 5,79 | 0,39 |
| 23 | аудандық маңызы бар қалалар | 5,02 | 0,39 |
| 24 | Облыстық маңызы бар қалған қалалар | облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 85 пайызы | 0,39 |
| 25 | Аудандық маңызы бар қалған қалалар | облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 75 пайызы | 0,19 |
| 26 | Кенттер | 0,96 | 0,13 |
| 27 | Ауылдар | 0,48 | 0,09 |

”;

2) 43-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"43-3-бап. Салық кодексінің 529-бабы 2-тармағының қолданысы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының бір шаршы метрінің ұлттық валютадағы базалық құны (Қ б) елді мекеннің түріне қарай мынадай мөлшерде айқындалады:

| Р/с № | Елді мекеннің санаты | Базалық құны, теңге |
|-------|-----------------------------|---------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| | Қалалар: | |
| 1 | Алматы | 60 000 |
| 2 | Шымкент | 36 000 |
| 3 | Нұр-Сұлтан | 60 000 |
| 4 | Ақтау | 36 000 |
| 5 | Ақтөбе | 36 000 |
| 6 | Атырау | 36 000 |
| 7 | Көкшетау | 36 000 |
| 8 | Қарағанды | 36 000 |
| 9 | Қостанай | 36 000 |
| 10 | Қызылорда | 36 000 |
| 11 | Орал | 36 000 |
| 12 | Өскемен | 36 000 |
| 13 | Павлодар | 36 000 |
| 14 | Петропавл | 36 000 |
| 15 | Талдықорған | 36 000 |
| 16 | Тараз | 36 000 |
| 17 | Түркістан | 12 000 |
| 18 | Облыстық маңызы бар қалалар | 12 000 |
| 19 | Аудандық маңызы бар қалалар | 6 000 |
| 20 | Кенттер | 4 200 |
| 21 | Ауылдар | 2 700 |

".

17. "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2019 ж., № 16, 214-құжат):

22-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) табиғи монополия субъектісіне "Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Нұр-Сұлтан" маршруты бойынша магистральдық газ құбырын мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру."

2-бап. Осы Заң оның 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК